


БЕКІТЕМІН:

«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасы» менгерушісі

 Э.Амангосова

КЕЛІСЕМІН:

«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасы» әдіскері

 Г.Абишева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған музыка жетекшісінің
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Кіші топ

**. 2025 - 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КІШІ ТОБЫНА АРНАЛҒАН МУЗЫКА ҮІӨ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ.**

Қыркүйек айы. 2025 ж

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Бақшаға келемін	Балабақшатуралы әңгімелеу. Бірінін артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге әнсалуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру.		1
Менің добым	Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй тануға баулуға, дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға дағдыландыру. Допты қолдана отырып әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.		1
Біздің қуыршақ	Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, естесактау; әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; ересектермен бірге әнсалуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілік тәрбиелеу		1

Қазан айы. 2025ж

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Бұл қай кезде болады?	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына Бейімделуде дағдыларын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым		1

	элементтерін орындауға үйрету.		
Көңілді жаңбыр	Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту. Сабырлы, жай сипаттағы аспапта орындалған пьеса нытындау, есте сақтауға үйрету; әннің көңіл күйін, мазмұнын түсінуге үйрету; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканың би сипатын игеру.		1
Торғайлар	Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделудегі дағдыларын қалыптастыру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.		1

Қараша айы. 2025ж

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Қызыл, жасыл, көк шар	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұнымен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балалар шулы аспаптары бубен, сылдырмақ дыбысталуы динамикасына ажыратуға үйрету.		1
Сылдырмақтар әуені	Ересектердің орындауындағы әнді мүқиятты тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстауды ажыратуға баулу; аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын ескеріп сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.		1
Мерекелік ән мен би	Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады; бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан		1

бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге үйрету. Балаларға мерекелік көңіл күйсыйлау.

Желтоқсан айы. 2025 ж

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Шыршамызға арнаған аңыз	Музыка сипаты арқылы табиғатерекшеліктеріне көңіл бөлу, қысқартылған туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделуде дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту.		1
Аққала	Көңілді сипаттағы әннің мазмұнын көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруіне ажыратып, бикимылдары орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.		1
Қысқы әуен	Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделуде дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күйсыйлау.		1

Қаңтар айы. 2026 ж

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Коянда қонақта	Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына әуен катужәне оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.		1
Ақтін	Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге, музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында ән салуға баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту.		1
Көңілді достар	Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.		1

Ақпан айы. 2026 ж

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Ақәжем	Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуені мен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу		1
Әй-әйата	Халық әуенін тыңдап, көңіл күйін қабылдау; әнді музыкалық сүйемелдеумен бір		1

	қарқындаорындауға үйрету; таныс би кимылдарын қайталау. Отбасы мүшелерінесыйластықпен қарауға, құрметтеуге тәрбиелеу.		
Анашым	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау; әуеннің басталуымен аяқталуына мән беріп, бірге ән салуға үйрету; би қарқынын өзгерте отырып ырғақты сезіне кимылдауға үйрету. Анасына сүйіспеншілігін арттыру.		1

Наурыз айы. 2026 ж

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Шуақты көктем	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнғаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі би кимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеу мен және сүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би кимылдарын қолдана білуге үйрету.		1
Наурыз-думан	Наурыз мерекесі туралы, қазақтың салт-дәстүрі жайында түсінік беру; әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, табиғи дауыспен айтуға, таныс би кимылдарын қайталай білуге үйрету; ойын арқылы музыкалық ұрмалы аспаптардың дыбыстау динамикасына жыратуға баулу.		1
Әдемі көбелек	Музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; кимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.		1

Сәуір айы 2026 ж.

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Некалай дыбыстайды?	Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұнымен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге, хормен әнайтуға дағдыландыру; музыка сипатына сәйкес ерек ішкі қимылдарға, үй жануарларының қимылдарын көрсете білуге үйрету		1
Аспаптар әлемі	Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, қонырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «релля» бірінші октавасының диапазонын да ән салуға үйрету; бір-і қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды таныс би қимылдарын орындауға үйрету.		1
Кәне, қызық ойын бар	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен жәнәсүйемелдеу сән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу, көңіл күй, шағтық сезімін ояту.		1

Мамыр айы 2026 ж.

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Қуыршақ Айжапмен билейміз	Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұнымен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға, әнді дыбыстардың биіктігіне қарай хормен орындауға баулу; би		1

	қимылдарының қарқынын өзгерте отырып мәнерлі билеуге дағдыландыру.		
Көңілдіби	Музыкалық шығарманың эмоциямен қабылдап, ескесактауға; ән айту барысында шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; көңілді әуенге жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу.		1
Ғажайып сылдырмақтар	Көңілді әуенді тыңдап, сипатын анықтай білуге, дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата отырып хормен бірге қосыла ән айтуға; жұптаса отырып таныс би қимылдарын өз беттерінше орындауға үйрету; көңілді сипаттағы әуенді ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.		1
БАРЛЫҒЫ		36 САҒ	

БЕКІТЕМІН:



«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасы» менгерушісі
Э. Амангосова

КЕЛІСЕМІН:

«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасы» әдіскері
Г. Абишева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған музыка жетекшісінің
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Ересек топ

**2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕРЕСЕК ТОБЫНА АРНАЛҒАН МУЗЫКА
ҮІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ.**

Қыркүйек айы. 2025 ж

Міндеті	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын баулауға үйрету жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.
----------------	--

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
«Біздің балабақшада»	Ән мәтіні арқылы балабақша туралы түсіндіру. Музыканы тыңдауға әннің мағынасын түсінуге, жетекшінің дауыс ырғағына еліктей отырып, балабақша туралы әнді айтуды үйрету.		2
«Менің сүйісеті достарым»	Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		2
Ойыншықтар	Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.		2
«Мен өнерлі баламын»	Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.		2

Қазан айы. 2025 ж

Міндеті	Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуісіз ән айтуға баулу.
----------------	---

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
«Отбасым – бақытым»	Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.		2
«Мен бақытты баламын»	Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтаватты, қуанышты) Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), тембріне қарап ажырату.		2
Күз байлығы.	Күз туралы түсіне отырып, музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйренеді. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата біледі.		2
Пайдалы жемістер	Жеміс – жидектің пайдасы жайлы түсіндіру. Дәрумендердің адам өміріне әсері туралы, ойындар арқылы жемістерді дұрыс атауды үйрету.		2

Қараша айы. 2025ж

Міндеті	Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауды, марш сипатын ырғақты жүру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, музыканың ырғағымен жүре отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс
----------------	--

алуды ,енді созып, сөздерін анық айту, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды үйрету.

Тақырыбы	Максаты	Мерзімі	Сағат
Алтын күз	Ән мәтіні арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Әнді сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.		2
«Шыныққан шымыр баламыз»	Жақсы әдетке, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу. Таныс әндердің қарапайым әуендерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты мәнерлі қозғалыстар орындау		2
«Бағдаршам бағыт берелі»	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру.		2
«Спорт – біздің досымыз»	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		2

Желтоқсан айы. 2025ж

Міндеті	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.		
Тақырыбы	Максаты	Мерзімі	Сағат
Шақырамыз жарысқа	Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.		2
«Мен Отанымады сүйемін»	Отан туралы, өз Отанышын сүйе білу, қорғау, әнге қосу туралы түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.		2
«Туған жерім – тұғырым»	Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз) қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.		2
«Қыс қызығы»	Ән мәтіні арқылы қыс мезгілі туралы түсіндіру. Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.		2

Қаңтар айы. 2026 ж

Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі	Сағат
«Жасыл шыршалар» қайталау.	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.		2

	Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		
Айнала ақша қар	Қыс мезгілі туралы түсіндіріп, музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажыратуды үйрету.		2
Орманға саяхат	Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру		2
Аңдар айтысы	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білу.		2

Ақпан айы. 2026 ж

Міндеті	Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.		
Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі	Сағат
Қуыршақ театры: «Ақтөс пен марғау»	Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз, жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету.		2
«Су – өмірдің өзегі»	Тірі табиғат туралы түсіндіру, судың адм өміріне пайдасы, күнделікті өмірде сусыз өмір сүре алмайтынымызды түсіндіру.		2
«Бағдаршам»	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.		2
«Анашым – мақтанышым»	Ана мейірімі туралы түсіндіру.Өлең жолдары арқылы аналарды сыйлау, құрметтеу жайлы үйрету .Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		2

Наурыз айы. 2026 ж

Міндеті	Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді.		
Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі	Сағат
Көктем келді	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету		2
«Наурыз – жыл басы»	Наурыз мерекесі туралы түсіндіру. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау		2
«Наурызкөже»	Наурыз көже қалай жасалады, қандай мерекеде жасалатыны туралы түсінік беру. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойлан шығарып орындау		2
Құстар дауысы	Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді		2

мәнерлеп айтқызу.

Сәуір айы 2026 ж.


Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі	Сағат
«Табиғат тамшылары»	Табиғат құбылыстарын түсіндіру.Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау.		2
«Ғарыш әлеміне саяхат»	шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.		2
Гүл көбелек	Көбелек, көбелектердің гүлмен достығы туралы түсінік беру. Музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу; Қимыл қарқынын өзгерте отырып,ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.		2
Бауырсақ кіммен кездесті?	Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн кату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.		2

Мамыр айы 2026ж.

Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі	Сағат
«Тату доспың бәріміз»	Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.		2
Ел қорғауға әзірміз	Балалар Отанды қорғау туралы түсіне отырып, музыканың түрлі сипаттарын ажыратып айту.		2
Біз өмірдің гүліміз	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.		2
Жайлаудағы киіз үй	Жаз жайлау туралы әңгімелеу, суретпен жұмыс. Сұрақ-жауап.Музыкалық шығарманың сипатына, қарқынына, динамикасына, ырғақтық суреттеріне сәйкес ән сала алады. Тағы да би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып би орындау.		2


Барлығы - 72 сағат

БЕКІТЕМІН:

«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасы» менгерушісі
 Э.Амангосова



КЕЛІСЕМІН:

«Қарауылкелді» бөбекжай-
балабақшасы» әдіскері
 Г.Абишева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған музыка жетекшісінің
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Ортаңғы топ

2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ОРТА ТОБИНА АРНАЛҒАН МУЗЫКА ҮІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ.

Қыркүйек айы, 2025 ж

Міндеті	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Менің қызығушылығым	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.		1
Мен әдепті баламын	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Балалар татулық, достық деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Балалар әннің не туралы екенін түсініп, көңілді айтуға тырысады.		1
Ойыншықтар	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.		1
Жане, қызық ойын бар	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса би қимылдарын орындауға баулу, қуанышты көңіл күй, шаттық сезімін ояту.		1

Қазан айы, 2025ж

Міндеті	Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқынды мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Менің жанұям	Отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, жанұя сөзінің мағынасын түсіндіру. Отбасына, мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән арқылы жеткізу.		1
Күзгі еңбек	Күзгі адамдардың еңбегін түсіндіре отырып, музыка арқылы күзгі көріністі бейнелеу. Би элементтерін музыканың болуымен сезініп жасау.		1
Күзгі орман	Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерін қалыптастыру		1

Күз байлығы	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.		1
Қараша айы. 2025ж			
Міндеті	Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Дәрумендер досымыз	Дәруменнің адам денсаулығына маңыздылығын түсінеді, өз ойын жеткізе алады. Денсаулық, денсаулыққа қажетті жағдайлар, денсаулықты сақтау туралы түсінеді.		1
Құстар дауысы	Құстар тіршілігі туралы мағлұмат беру, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Әнді көңілді ашық дауыспен таза орындауға үйрету. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқыз		1
Орманға саяхат	Әуенді сонына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Ән арқылы орманда тіршілік ететін аңдар туралы түсіндіру		1
Бауырсақ немен келді?	Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.		1
Желтоқсан айы. 2025 ж			
Міндеті	Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету; Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтылатынына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағ
Қыс қызығы	Әуенсізінә ілесө қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. .		1
Менің Отаным	Отан туралы, өз Отанының сүйе білу, қорғау, әнге қосу туралы түсіндіру. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.		1
Шырша жыры	Қыс көріністерін суреттеп айта біледі. зырлайды сөздерін түсінеді. Би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын игереді.		1
Айнала ақша қар	Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Балаларға арналған ұрмалы музыкалық аспаптарда (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және топпен күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау.		1

Қаңтар айы. 2026 ж.

Міндеті	Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұнды).		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Тың өрнегі	Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуды, әуенді тыңдап, әңгімелей біледі		1
Қағдар айтысы	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қимыл-қозғалысын келтіре білед		1
Ақсала	Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үнқату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындауды быстаудың бірінғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету.		1
Төргайлар	Балаларға құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Құстарға қамқорлық жасауға шақыру.		1

Ақпан – 2026 жыл

Міндеті	Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы сонына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Тынықсан, шымыр боларсың	Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз) Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		1
Сөзді	Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.		1
Орманға саяхат. Ормандағы «Шкентай құрғындар» әңгімесіне тілегі	Музыканы есту қабілетін дамыту, ырғақты ажырата білуге үйрету. Баланың қызығушылығын ояту		1
Әңгіме тілегі	Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күйтанытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу		1

Наурыз – 2026 жыл

Міндеті	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, домбырамен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын таны және атау. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.
----------------	---

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Көктем әндері	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкала ажырата білу.		1
Ана – өмір шырағы	Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Өртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.		1
Наурыз – жыл басы	Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу		1
Біздің ауыл тойы	Дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауытыра білуге үйре		1

Сәуір -2026 жыл

Міндеті	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған өртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.		
---------	--	--	--

Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Су табиғат байлығы	Табиғаттағы судың пайдасын түсіндіру, әнді педагогпен бірге қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар жасау.		1
Ғарыш әлеміне саяхат	Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.		1
Гүл көбелек	Көбелек, көбелектердің гүлмен достығы туралы түсінік беру. Музыкалық сүйемелдеумен әнді хормен айтуға баулу. Қимыл қарқынын өзгерте отырып, ырғақты сезіне жеңіл билеуге үйрету.		1
Менің сүйікті астарым	Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, достық туралы түсіндіру. Таныс әннің музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		1

Мамыр- 2026жыл

Міндеті	Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау		
Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Сағат
Ату доспыз әріміз	Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.		1
Ауыл жасыл, өсімдік шарлар	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету. Жоғары және төмен дыбыстауды ажырата білуге, балаларды шулы аспаптар – бубен, сылдырмақтың дыбысталуы динамикасына ажыратуға үйрету.		1